

Қазіргі уақытта Канада иммигранттар үшін өте тартымды, өйткені өмір сүру деңгейі жоғары ел, ол жан басына шаққандағы табыс деңгейі сияқты жақсы экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қауіпсіздік деңгейімен де сипатталады: тегін медициналық көмек және орта білім, мемлекеттік әлеуметтік жеңілдіктер және т. б.

Нәтижесінде, қазір Канада иммигранттар мен босқындарды кез-келген басқа елдерге қарағанда өз халқының санына қатысты көбірек қабылдайды. Барлық канадалықтар иммиграцияны құптамайды; кейбіреулер иммигранттар ел тұрғындарының жұмысқа орындарын алып жатыр деп санайды. Алайда, тағы бір көзқарас бар: иммигранттар көбінесе елде туылған адамдар жасағысы келмейтін және жасамайтын жұмысты орындауға дайын.

Сонымен қатар, Канада таланты, шеберлігі мен білімі бар тапқыриммигранттарды өз азаматтарының қатарына қосып жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Совершенствование законодательства в сферемиграции: конституционно-правовой анализ и практика реализации. (монография). Под общей редакцией А.С. Прудникова. А.С. Прудников, Т.А. Прудникова, В.Ю. Федорович, Л.Л. Тузов и др. М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2018. -195 с.

2. Прудников А.С. Конституционное право России. Учебник для студентов вузов / А.С. Прудников и др.; подред. Б.С. Эбзеева, А.С. Прудникова, В.И. Авсеенко. — 6-е изд., перераб. и доп. — М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2016. — 615 с.

3. Прудникова Т.А. Теоретико-методологические и правовые основы регулирования миграционных процессов (например России и государств-членов Европейского Союза). Монография. М.: ЮНИТИ- ДАНА: Закон и право, 2015. С.184.

4. Акимова С.А. Трудовая деятельность иностранных граждан на территории Российской Федерации» // Вестник экономической безопасности №1 2017 г. С. 149-151

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ

*Айтбаев Ә.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ
заң факультетінің 1 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ конституциялық және
халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD доктор Билялова М.И.*

Конституциялық Кеңес еліміздің саяси жүйесінде айрықша орынға ие, ерекше орган болып табылады. Әлемде белсенді түрде әртүрлі құқықтық жүйелердің басымдылығы жалпықұқықтық бастау болып қалыптасатын, жалпыға бірдей құқық пен заңның үстемдігі, сонымен қатар адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау басымдығымен анықталып өз мәресінде болуы қазіргі таңда өзекті болуы мәлім. Адам құқықтары ең маңызды, өзекті мәселелер қатарынан болған соң, оныда жан- жақты қорғауда мемлекеттегі құқықтық механизмдер арқылы қамтамасыз етілуін де екені тағы да білеміз. Олай болса, Қазақстан Республикасындағы ерекші органдарының бірі Конституциялық Кеңес туралы мақаламызда сипаттама беріп, оның құқық жүйесінде алатын орнына жалпы теориялық шолу жасап талдау жасасақ.

Конституциялық бақылау – бұл әдетте сот органдары немесе арнайы құрылған мемлекеттік орган жүзеге асыратын, заңдардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің Конституция ережелеріне сәйкес келуін бақылау. Конституциялық бақылау

билік бөлінісі мен саяси және идеологиялық әралуандылық орын алған және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары кепілдендірілген құқықтық, демократиялық мемлекет үшін тән институт болып саналады. ҚР Конституциясына сәйкес Конституциялық Кеңес конституциялық бақылауды жүзеге асырады [1]. Конституциялық бақылау органдарының тағайымы мемлекет пен қоғамның Негізгі заңын қорғауда болып табылады. Конституциялық бақылау органдары конституциялық заңдылық демократияның және оның саяси мәдениетінің табиғи элементі болып табылауына жәрдем жасау үшін құрылған деп айтуға болады. Жалпы алғанда Конституцияны қорғау өзге мемлекеттік органдармен де жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ құқықтың басты қайнар көзі ретінде оның жоғарылығын қамтамасыз ету – конституциялық бақылау органдарының айрықша құзыры болып табылады. Конституциялық бақылау доктринасын алғаш рет Джон Маршаллдың басшылығымен АҚШ Жоғары Соты қалыптас-тырып, қолданды. 1803 жылы АҚШ Жоғары Соты “Сот құры-лысы туралы” заңның 13 бөлімін АҚШ Конституциясына қайшы келеді деп танып, оның қолданылуына тыйым салды. Бұл конституциялық бақылау жүйесінің өмірде қалыптасуының алғашқы қадамы еді. Осылайша АҚШ Жоғары Соты конституциялық бақылау органдарын қалыптастыру қажеттігіне бастамашылық жасады [2;354]. Конституциялық бақылаудың жүйесі туралы айтсақ, қазіргі жағдайда конституцияны қорғауды жүзеге асыратын органдар-дың үш үлгісін көрсетуге болады: біріншісі – конституциялық бақылауды жалпы юрисдик-циялық соттардың жүзеге асыруы – соңғы инстанциясы Жоғарғы Сот болып табылады; екіншісі – еуропалық үлгі - арнайы құрылған сот органдары жүзеге асырады (конституциялық соттар); үшіншісі – сот жүйесіне жатпайтын арнайы құрылған органдар жүзеге асырады (мысалы, ҚР-да Конституциялық Кеңес), бұл органдарды “квазисот” органдары деп те атайды. Жалпы соттар жүзеге асыратын конституциялық бақылау негізінен англосаксондық құқық елдерінде тараған – АҚШ, Дания, Австралия, Бразилия т.б. (Ұлыбританияның өзі бұған кірмейді деп есептеледі). Мысалы, АҚШ Конституциясының 1 тарауының 3 бабына сәйкес сот билігі Жоғарғы Сотқа және төменгі соттарға берілген. АҚШ соты қылмыстық немесе аза-маттық істі қарап жатқан кезде кез келген тарап оған процесте қолданылудағы заңның конституциялық еместігі туралы арыз-дануы мүмкін. Бұл жағдайда негізгі процесс тоқтатылуы немесе кейінгі қалдырылып, басқа мәселе – яғни заңның конституцияға сәйкес еместігі туралы іс басталуы мүмкін [3; 47-70]. 1995 жылғы Конституция Конституциялық Соттың орнына Конституциялық Кеңесті құрды. Ол бұрынғыдай республика Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы емес, ешбір билік тармағына кірмейтін, мүшелері тәуелсіз қызмет ететін конституциялық бақылау органы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасын және екі мүшесін Республиканың Президенті тағайындайды, қалғандарын екі-екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық Кеңесті құру тәртібіне 2007 жылы 21 мамырда өзгертулер енгізілді. Ол уақытқа дейін Конституциялық Кеңестің мүшелерін (екі-екіден төртеуін) Сенат пен Мәжіліс емес, олардың төрағалары тағайындап келді. Төрағадан басқа Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады [4].

Конституциялық бақылау мазмұны бойынша формальды және материалды болып келеді. Формальды конституциялық бақылауда заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін конституциялық тәртіптің сақталуы тексерілетін болса, ал материалдық конституциялық бақылауда осы заңдардың немесе нормативтік құқықтық актілердің конституциялығы, яғни, конституцияға сәйкестілігі тексеріледі.

Конституциялық бақылау көптеген мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Конституциялық бақылаудың мамандандырылған және мамандандырылмаған органдары

әрекет етеді. Конституциялық бақылаудың мамандандырылмаған органдарының бірі болып мемлекет басшысы табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-шы бабына сәйкес Республика Президенті Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасайтын субъектілердің бірі болып табылады. Американың құрама штаттарында конституциялық бақылау құқығына Жоғары және жалпы соттар ие болады. Мамандандырылған органдарға Конституцияның жоғарылығын қамтамасыз ететін Конституциялық соттар және конституциялық кеңестер жатады [1].

Конституциялық Кеңеске мүше болу үшін келесідей талап-тар қойылады: отыз жасқа толуы; Республика аумағында тұруы; жоғары заң білімінің болуы; заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажының болуы; Республика азаматы болуы. Бұл талаптар Республиканың экс-Президенттеріне қолданылмайды.

Конституциялық Кеңестің мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және тек Конституция мен Конституциялық Кеңес туралы заңға ғана бағынады. Олардың қызметіне қандай болса да араласуға, сондай-ақ оларға қандай түрде болса да қысым жасауға немесе басқадай ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады.

Конституциялық Кеңес туралы заңда Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидалары анықталған:

1. Конституциялық Кеңестің дербестігі және тәуелсіздігі (1 бап 1)-т.);
2. Конституциялық Кеңестің айрықша құзыреттілігі (1 бап 2)-т.);
3. Конституциялық Кеңес мүшелерінің тәуелсіздігі (11 бап);
4. Конституциялық Кеңес мүшелеріне ешкімнің тиіспеуі (12 б.);
5. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелері құқық-тарының теңдігі (13 бап) [4].

Конституцияда Конституциялық Кеңестің өкілеттіктерінің және оған жолдануға құқылы тұлғалардың шегі анықталған. Конституциялық Кеңес ҚР Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1. дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2. Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

3. Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

4. Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5. Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

6. Парламент тиісінше республика Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босату туралы шешім, Республика Президентін қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін - белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді;

7. соттардың өтініштері бойынша Республика Конституциясының 78 бабында белгіленген жағдайда белгілі бір актілердің конституциялығын қарайды.

Осы орайда ғалым С.К. Амандыкованың пікіріне сүйенсек «Конституциялық бақылаудың қажеттігін негізінде бірнеше себеп жатыр. Біріншіден, конституциялық нормалар әдетте құрылтайшылық немесе бастапқы сипатқа ие болып келеді», сонымен қатар конституциялық бақылау деп тиісті органдардың Конституцияның және конституциялық заңдардың үстемділігін қамтамасыз ету мақсатындағы қызметі ұғынылады, - деп атап өткен екен [5; 99-100].

Қазақстан Республикасында Конституциялық бақылау конституциялық іс жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Конституциялық іс жүргізудің бірінші сатысы болып өтініш беру табылады. Конституциялық Кеңеске өтініш беріп жолдануға құқылы субъектілердің қатарына келесілер жатады: Республика Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Премьер-Министр және Конституцияның 78 бабында көрсетілген жағдайда соттар.

Конституция және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Конституциялық заң Кеңесті ұйымдастыру мен оның қызметінің құқықтық негізі болып табылады. Конституциялық өкілеттікке сәйкес Кеңес өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде дербес және мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан тәуелсіз, Республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды [4].

Республика Конституциясында Конституциялық Кеңес өкілеттіктерінің шеңбері белгіленген, оған мыналар: дау туған жағдайда Республика Президенті, Парламент депутаттары сайлауының және республикалық референдумның дұрыс өткізілгендігі туралы мәселені шешу; Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін Республика Конституциясына сәйкестігін қарау; Республиканың халықаралық шарттарының олар ратификацияланғанға дейін Конституцияға сәйкестігін қарау; Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру; Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларда қорытынды беру жатады [1].

Конституциялық іс жүргізу Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Палаталары Төрағаларының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініштері бойынша ғана қозғалады. Республика азаматтары Конституциялық Кеңеске өтініш беру субъектілерінің қатарына жатпайды. Олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары жалпы юрисдикциядағы соттар арқылы, ал Конституциялық Кеңесте Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда және тәртіпте қорғалады. Оған сәйкес, егер сот қолданылуға жататын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті [1].

Елімізде жүргізілген конституциялық реформалар конституциялық бақылау институтын дамытуда маңызды рөл атқарды. 2007 жылы Конституциялық Кеңестің тексеру нысанына Парламент және оның Палаталары қабылдаған қаулылар қосылған болатын. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібінде Конституциялық Кеңес туралы конституциялық заңға толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес Уәкілетті мемлекеттік органдар қабылданған шешім туралы Конституциялық Кеңеске міндетті түрде хабарлай отырып, Конституциялық Кеңестің шешімдерінде қамтылған заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды міндетті түрде қарауға тиіс. Осылайша, Конституциялық Кеңестің ұсынымдарына белгілі бір императивтік сипат берілді. Осы беталысты ұстана отырып, 2017 жылы жүргізілген конституциялық реформа Конституциялық Кеңес өкілеттіктерінің аясын кеңейтті. Республика Президенті Конституциялық Кеңестің шешіміне қарсылық білдіру құқығынан бас тартты. Кейінгі конституциялық бақылау Мемлекет басшысына Конституциялық Кеңеске күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы өтініш жіберу құқығын беру арқылы күшейтілді [6]. Мұндай құқық адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүдделерімен байланысты.

Еліміздің Конституциясына түзетулер енгізуге міндетті алдын ала конституциялық бақылау жасау енгізілді. Олар Конституциялық Кеңестің оң қорытындысы болған жағдайда ғана республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына

шығарылуы мүмкін. Конституциялық бақылау институты Қазақстанда жаһандық өзгерістерге жауап ретінде кезең-кезеңмен дамып келеді. Қазақстандық үлгі конституциялық бақылау функциясын орындау мемлекеттік билік тармақтарының біртұтастығы мен өзара келісілген іс-қимылын қамтамасыз етуге, конституциялық заңдылықты нығайтуға, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал ететінін растайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
2. Ковешников Е.М., Марченко М.Н., Стешенко Л.А. Конституционное право СНГ: Учеб. для вузов. – М.: Изд. группа НОРМА–ИНФРА·М, 2015. – 448 с.
3. Маклаков В.В. Иностранное конституционное право. – М: Зерцало 1999 г. – 326 С.
4. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық Заңы (2017 жылдың 22 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулар бойынша) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002737>
5. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы.- Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 191 б.
6. Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <http://adilet.zan.kz/rus/>

АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Алиева И.Ж. докторант Карагандинского университета им.Е.А.Букетов

Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасу процесі ұзақ және күрделі тарихқа ие. Қазіргі уақытта ол үш негізгі көріністе бар және оны келесі үш деңгейде талдауға болады: ғылыми - идея ретінде және оның бірқатар тұжырымдамаларда дамуы, нормативті - негізгі заңдарда бекітілген конституциялық принцип ретінде, эмпирикалық - нақты тәжірибе ретінде қоғам мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша мемлекеттік институттардың қызметі. Әлеуметтік мемлекеттің идеологиялық негізі ежелгі ойшылдардың барлық азаматтарға ортақ игілікті қамтамасыз ететін идеалды мемлекеттік жүйе туралы идеяларына оралады. Ал оның тәжірибиелік қалыптасуы өндірістік және постиндустриалды қоғамдардағы әлеуметтік қатынастарды реттеудегі мемлекеттің әлеуметтік рөлін арттырудың объективті процесін көрсетеді.

Алғаш рет «әл-ауқат жағдайы немесе әлеуметтік мемлекет» ұғымы Еуропада ХІХ ғасырдың ортасында Лоренц фон Штейнмен тұжырымдалған. Ол мемлекеттік функциялар тізіміне барлық қоғамдық таптар мен топтар үшін де, әр жеке тұлға үшін де құқықтардың абсолютті теңдігін қамтамасыз етуді енгізді. Штейннің пікірінше, мемлекет өзінің барлық азаматтарының экономикалық және әлеуметтік прогресіне ықпал етуге міндетті, өйткені, сайып келгенде, біреуінің дамуы екіншісінің дамуының шарты болып табылады және дәл осы мағынада әлеуметтік мемлекет туралы айтылады. Неміс профессоры мемлекеттің міндеті - теңдік пен бостандықты қалпына келтіру, барлық мұқтаждарды қорғау, мемлекет барлығының өркендеуін қамтамасыз ету деп санады. Ол өз зерттеулерінде мемлекет барлық таптар үшін құқықтар теңдігін толық сақтауы керек, ол өз азаматтарының